

А.С. Игиснинова* , **Ж.Т. Мамырханова** 

М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, Қазақстан, Тараз қ.

*e-mail: kas-id-3@mail.ru

ҚАЗАҚ МӘДЕНИЕТІНДЕГІ МАСКУЛИНДІК СТЕРЕОТИПТЕР

Бүгінгі мәдени жаһандану заманында ер адамдарға тән «еркектік» қасиеттер мен оларға қатысты стереотиптер өзгеруде. Тіпті әлеуметтік рөлдердің кейде ауысып жатқанын да байқаймыз. Ер адам қоғамда, отбасында белсенді болу керек. Ер адам – отбасы асыраушысы, әйел – отбасы ұйытқысы деген стереотип бүгінгі таңда өзгеріске ұшырады.

Жұмыстың мақсаты – қазіргі қазақ мәдениетіндегі маскулиндік стереотиптерді талдау. Зерттеу жұмысының ғылыми-практикалық маңыздылығына тоқталатын болсақ, мақала гендерология, лингвомәдениеттану, әлеуметтік лингвистика, когнитивті лингвистика салаларында жазылған еңбектерге теориялық толықтыру жасауға және «Лингвомәдениеттану», «Гендерлік лингвистика», «Маскулиндік зерттеулер» сынды арнайы курс дәрістерін құруға, курстық және дипломдық жұмыстарын жазу үшін қажет болады.

Маскулиндік стереотиптерді талдау мақсатымен Ж. Кейкіннің «Қазақтың 7777 мақалы мен мәтелі» атты кітабынан маскулиндік қасиеттерді білдіретін мақал-мәтелдер жинақталды. Зерттеу барысында кешенді зерттеу, контекстік талдау, салыстыру және сипаттамалық әдістер қолданылды.

Кез келген қоғамда ер адам немесе әйел адам болу деген тек анатомиялық ерекшеліктерге ие болу деген сөз емес, ол адамдардан күтілетін белгілі бір гендерлік рөлдер. Маскулиндік стереотиптерге сүйенсек ер адамдар қазақ мәдениетінде отбасының негізгі асыраушысы, еңбекқорлығы арқылы табысқа жетуші, қоғамда, отбасында негізгі шешім қабылдаушы және халқының намысын қорғаушысы. Ер адам – көшбасшы, билік етуші стереотипі гендерлік таптаурындар қатарынан шығуы мүмкін.

Жұмыстың құндылығы мен практикалық маңыздылығы: Маскулиндік стереотиптерге сәйкес қоғам ер адамнан белгілі бір әрекеттер мен қасиеттер жиынтығын күтеді. Ер бала туғаннан бастап осындай таптаурындармен тәрбиеленеді. Ерлер осы түсініктерге қарай дами бастайды, соларды өмірде ұстанады. Кейбір жағдайларда маскулиндік стереотиптер ер адамның өміріне теріс әсер етеді. Ер адамдардың мінез-құлқы немесе іс-әрекеті стереотиптерге сай келмей қалса, олар «нағыз еркек емес» деп бағаланады. Сондықтан ер бала тәрбиесінде қоғамда ерлерге қатысты айтылатын көзқарастар мен стереотиптердің қайсысы дұрыс немесе бұрыс екенін немесе орынсыз екенін балаға түсіндіріп отыру қажет.

Түйін сөздер: маскулиндік стереотиптер, маскулинділік, гендер, еркектік.

A. Igissinova*, Zh. Mamyrkhanova

Dulaty Taraz Regional University, Kazakhstan, Taraz

*e-mail: kas-id-3@mail.ru

Stereotypes of masculinity in kazakh culture

In the era of cultural globalization, the «masculine» qualities inherent in men and masculinity stereotypes are changing. It's noticeable, how the social roles of men and women are changing. The stereotype, that a man is the breadwinner of the family, a woman is the backbone, has undergone changes today.

The purpose of the work is to analyze the stereotypes of masculinity in modern Kazakh culture. As for the scientific and practical significance of the research work, the article will be necessary for the theoretical complement of works written in the field of gender studies, cultural linguistics, sociolinguistics, cognitive linguistics and the creation of lectures of special courses «Cultural Linguistics», «Gender Linguistics», «Masculine studies», writing term papers and diploma works.

In order to analyze masculine stereotypes, the book by J. Keikin «7777 Kazakh proverbs and sayings» collected proverbs and sayings expressing masculine qualities. The study used comprehensive studies, contextual analysis, comparison and descriptive methods.

According to masculinity stereotypes, men in Kazakh culture are the main breadwinners, achieve success through hard work, make major decisions in society, family and protect the honor of their people. The stereotype of a male leader, a ruler, can come out of the ranks of gender stereotypes.

Value and practical significance of work according to masculinity stereotypes, society expects a certain set of actions and qualities from a man. Men develop within the framework of such prejudices, adhering to them in life. In some cases, masculinity stereotypes negatively affect a man's life. If the action or behavior of men doesn't correspond to stereotypes, they're evaluated as «not a real man». Therefore, in the upbringing of boys, it's necessary to explain to the child which of the attitudes and stereotypes that are expressed in society in relation to men are correct or incorrect, inappropriate.

Key words: stereotypes of masculinity, masculinity, gender.

А.С. Игисинова*, Ж.Т. Мамырханова

Таразский региональный университет им. М.Х. Дулати, Казахстан, г. Тараз

*e-mail: kas-id-3@mail.ru

Стереотипы маскулинности в казахской культуре

Сегодня, в эпоху культурной глобализации, меняются «маскулинные» качества, присущие мужчинам и стереотипы маскулинности. Заметно, как меняются социальные роли мужчин и женщин. Мужчина должен быть активным в обществе, в семье. Стереотип о том, что мужчина – кормилец семьи, женщина – костяк семьи, сегодня претерпел изменения.

Цель работы – анализ стереотипов маскулинности в современной казахской культуре. Что касается научно-практической значимости исследовательской работы, то статья будет необходима для теоретического дополнения работ, написанных в области гендерологии, лингвокультурологии, социолингвистики, когнитивной лингвистики и создания лекций спецкурсов «Лингвокультурология», «Гендерная лингвистика», «Маскулинные исследования», написания курсовых и дипломных работ.

С целью анализа маскулильных стереотипов в книге Ж. Кейкина «7777 казахских пословиц и поговорок» были собраны пословицы и поговорки, выражающие маскулинные качества. В ходе исследования были использованы комплексные исследования, контекстный анализ, сравнение и описательные методы.

Быть мужчиной или женщиной в любом обществе – это не просто иметь анатомические особенности, это определенные гендерные роли, которые ожидаются от людей. Согласно стереотипам маскулинности, мужчины в казахской культуре являются основными кормильцами семьи, добиваются успеха через трудолюбие, принимают основные решения в обществе, семье и защищают честь своего народа. Стереотип мужчины-лидера, властителя может выйти из рядов гендерных стереотипов.

Ценность и практическая значимость работы: согласно стереотипам маскулинности, общество ожидает от мужчины определенного набора действий и качеств. Мальчик воспитывается с рождения по таким стереотипам. Мужчины развиваются в рамках таких предрассудков, придерживаясь их в жизни. В некоторых случаях стереотипы маскулинности негативно влияют на жизнь мужчины. Если действие или поведение мужчин не соответствует стереотипам, они оцениваются как «не настоящий мужчина». Поэтому в воспитании мальчиков необходимо объяснять ребенку, какие из установок и стереотипов, которые высказываются в обществе по отношению к мужчинам, являются правильными или неправильными, неуместными.

Ключевые слова: стереотипы маскулинности, маскулинность, гендер, мужественность.

Кіріспе

Соңғы 20 жылда мемлекетіміз табысы орташа деңгейлі елдер қатарынан табысы орташа деңгейден жоғары елдер қатарына кірді. Дегенмен әйелдердің табыс деңгейі мен экономикалық мүмкіншіліктері еңбек нарығында шектеулі. Себебі әйел адамдар – отбасы ұйытқысы, ер адамдар – отбасы асыраушысы деген дәстүрлі түсінік бүгінгі таңда да өзектілігін жоғалтқан жоқ. Бұрыннан келе жатқан және көп мәдениетте қалыптасқан гендерлік стереотиптерге сәйкес ер адамның қоғамдағы, отбасындағы рөлі мен міндеті ақша табу, ал әйел адам – отбасына қамқор болу және бала тәрбиелеу керек. Егер ер адам

ұйде қалып, бала тәрбиелек міндетін мойнына алып, отбасына көңіл көбірек бөлсе, қоғамда бұл жайт «еркектік» қасиет емес деп бағаланады. Осы сынды бірқатар гендерлік стереотиптер әлі күнге дейін әйелдер мен ер адамдардың өмірдегі жүріс-тұрысын, мінез-құлқын, қоғамда атқаратын қызметін анықтайды.

Стереотиптер – бұл кез келген әлеуметтік топ туралы жалпы білім, оның ішінде топтың атрибуттары туралы нанымдар мен теориялар (Hilton, 1996:237).

Қазіргі мәдени жаһандану кезеңінде ер адамдар мен әйелдерге тән «еркектік» және «әйелдік» қасиеттер өзгеруде, тіпті еркектік пен әйелдік қасиетке бірдей ие «андрогиндік» ұғымы

пайда болды. Психоанализде андрогиндік адами психиканың терең ерекшелігі деп көрсетіледі. Зерттеу жұмысының өзектілігі осы өзгерістерді ескере отырып, қазақ мәдениетіндегі «маскулинділікті» анықтауда. Жұмыстың мақсаты – қазіргі қазақ мәдениетіндегі маскулиндік стереотиптерді талдау. Мақсатқа жету үшін мынадай міндеттер қойылды: «гендер», «маскулинділік», «стереотиптер» ұғымдарын ашу, маскулинділіктің түрлері қарастыру, маскулиндік стереотиптерді көрсететін мақал-мәтелдерді айқындау.

Маскулинділік, яғни еркектік феномені гендерлік зерттеулердің даму толқынында ғалымдарды қызықтыра бастады. Гендерлік зерттеулердің негізгі мақсаты – әлеуметтік қоғамдағы ер адамдар мен әйелдерге қатысты тілдік қарым-қатынасты нақтылайтын факторларды (қоғамдық, әлеуметтік, ұлттық, танымдық) айқындау, жеке тұлғаның белгілі бір жынысқа байланысты мінез-құлық ерекшеліктерін, болмысын, олардың еркекке немесе әйелге тән басты қасиеттерінің тілдік белгілерін анықтау. Зерттеу жұмысының *ғылыми маңыздылығына* келетін болсақ, мақала ғылымның гендерлік лингвистика, лингвомәдениеттану, әлеуметтік лингвистика, когнитивті лингвистика салаларында жазылған еңбектерге теориялық толықтырма жасауға мүмкіндік береді. *Практикалық маңыздылығы:* зерттеу нәтижелерін «Лингвомәдениеттану», «Гендерлік лингвистика», «Маскулиндік зерттеулер» сынды арнайы курстар дәрістерін құруға, пәннің оқу-әдістемелік кешендерін жасауда, курстық және дипломдық жұмыстарды жазу барысында пайдасын тигізери анық.

Материалдар мен әдістер

Қазақ мәдениетінде қандай маскулиндік стереотиптер бар? Қазақ мәдениетіндегі маскулинділікті зерттеу мақсатында Ж. Кейкіннің «Қазақтың 7777 мақалы мен мәтелі» кітабынан маскулиндік қасиеттерді көрсететін мақал-мәтелдер жинақталды. Мақал-мәтелдер мазмұны бойынша 5 топқа бөлініп, қарастырылды. Мақала жазу барысында кешенді зерттеу, контекстік талдау, салыстыру және сипаттамалық әдістер қолданылды.

Әдебиеттерге шолу

Маскулиндік стереотиптердің мәнін тілдік бейнелеу арқылы ашып түсіндіруден бұрын, «гендер», «стереотип», «маскулиндік стереотип» ұғымдарын ашып алсақ,

Гендерлік қарым-қатынастар өміріміздің барлық саласын қамтиды, тек отбасында ғана емес, жұмыста, достарымыз арасында, яғни адамдар бір-бірімен әрекеттесетін барлық әлеуметтік орындарда кездеседі.

«Гендер» ұғымы қайдан пайда болды? Бұл термин транслитерацияланған ағылшын сөзі және ол мужской/женский деген грамматикалық текті білдіреді. Ең алғаш рет бұл ұғымды ғылымға 1955 жылы америкалық ғалым Джон Мани «жыныс» деген терминге балама ретінде енгізді. Джон Мани жыныс және гендер ұғымдарын өзара байланысты бір жүйенің бөлшектері деп атап өтті (Diamond, 2000: 46). 1968 жылы лингвистикаға қатысы жоқ адам, психолог Роберт Столлер «Жыныс және гендер» деп аталатын жұмысында жыныс және гендер ұғымдарын бір-бірінен тәуелсіз деп қарастырды. Мұнда автор биологиялық жыныстарды әлеуметтік «еркектік» және «әйелдік» ұғымдарынан ажырату мақсатында қолданды (Stoller, 1968).

Өрі қарай «гендер» термині 1980 жылдардың ортасында америкалық ғалым Дж. Скоттың еңбектерінде кездеседі. Ол қоғамдағы әйелдер мен ер адамдардың рөлдік қарым-қатынастарын биологиялық және әлеуметтік тұрғыда бір-бірінен ажырату үшін қолданған (Scott Y., 1986).

Бұл терминнің идеясы жыныстар арасындағы қарым-қатынастың толығымен биологиялық тұрғыда алдын-ала белгіленгендігін жоққа шығару: еркек және әйел денелерінің құрылымына қарай биологиялық жыныс бар және гендер «әлеуметтік жыныс» болады. Гендер деген ең алдымен әйелдер мен еркектердің биологиялық ерекшеліктерінің айырмашылығы. Гендер – ерлер мен әйелдер арасындағы қатынастардың өмірдің барлық салаларында көрініс табатын әлеуметтік қыры (Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 8 желтоқсандағы N 223-IV Заңы).

Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық жөніндегі ұйымы шекаралар қауіпсіздігі мен шекара режимінің қызметкерлеріне арналған нұсқаулықта гендер әйелдер мен қыздардың, ерлер мен ұлдардың рөлін айқындайтын мәдени, саяси және әлеуметтік тәжірибелер мен нормалар арқылы, сондай-ақ ерліктің және әйелдіктің әлеуметтік анықтамасы арқылы қоғам құрған әлеуметтік құрылым деп анықталады. Гендер әйелдер мен ер адамдардан олардан өмір бойы күтілетін міндеттер мен жауапкершілікті анықтайды және олар тап болуы мүмкін белгілі бір кедергілерді, сонымен қатар олар пайдалана алатын артықшылықтарды айқындайды (Гендер туралы түсінікті түрде, 2020:3).

Гендер «биологиялық ерекшеліктер нәтижесінде пайда болатын және әлеуметтік, мәдени, психологиялық құрастырушылармен салыстырылатын» категория (Shapiro, 1981: 4), сонымен қатар «еркектік- әйелдік ұғымдарын құраушы» тәсіл (Eckert, 2003: 6) ретінде анықталады.

Гендер туралы бір әмбебап немесе жаһандық түсінік жоқ. Мысалы Солтүстік Америкада тұратын кейбір тайпаларда жеті гендерлік топ анықталған. Еуропалық елдердің және азиялық қоғамдардың кейбіреулерінде үш және одан да көп гендерлік топтар мойындалған.

Қоғамда әр адамның гендерлік сәйкестігі бар. Кейбір адамдардың гендерлік сәйкестігі олардың туған кездегі берілген жынысына сәйкес келеді, ал кейбіреулерде олай емес. Туған кезде берілген жыныстан ерекшеленетін гендерлік сәйкестілік және оларды білдіру жолдары бүкіл әлемде болған. Гендерлік сәйкестілік өте маңызды және оны бір ұжымдық келісілген мерзімге шектеуге болмайды. Адамның өзінен басқа оның жыныстық шекарасын анықтайтын бірде-бір билік органы жоқ. Адам өз жынысын қоршаған әлемге киім, есімдіктер, атаулар сияқты бірнеше тәсілдер арқылы ұсынады.

Адамның гендерлік сәйкестілігі мен өз болмысын көрсетуі оның жеке мәдени түсінігіне сәйкес болу керек, өйткені елдер арасында гендерлік ерекшеліктер болатынын ұмытпаған жөн (Solomon, 2021). Дүние жүзінде еркектік және әйелдікке байланысты әртүрлі түсініктер, болжамдар мен байланысты сөздер бар.

А. Синельниковтың пайымдауынша, маскулинділік феноменін нақты объективті феномен ретінде қарастыру мүлдем орынсыз (Синельников, 1998). Сондықтан маскулинділік жеке бір мәдениет, қоғам, орта және уақыт аралығында қарастырылу қажет.

«Стереотип» ұғымы ғылыми айналымға 1922 жылы америкалық ғалым Уолтер Липпман арқылы келді. У. Липпман адам күрделі жағдаяттарды қабылдау үшін жұмсайтын күш-жігерді үнемдеу мақсатымен миында сақтайтын кішкентай «әлем бейнесін» стереотип деп айқындады (Липпман, 2004:124).

Гендерлік стереотиптер – бұл еркектер мен әйелдерді белгілі бір атрибуттар, физикалық сипаттамалар, рөлдер, іс-әрекеттегі артықшылықтар және жеке қасиеттер ажыратады деген жеке сенім (Deaux, 1984: 991).

Гендерлік стереотиптердің әрбір компоненті, мінез ерекшелігі болсын, физикалық сипаттама, рөлдік мінез-құлық немесе кәсіби дәреже болсын, кейде негативті салдарға әкеп соғады,

әсіресе әйел адамдар үшін. Мысалы, ұл балалар қыздарға қарағанда математикаға қабілетті келеді деген гендерлік стереотип қыздардың, әйелдердің STEM саласында жұмыс істеу тиімділігін нашарлатып, бұл салаға деген қызығушылықты төмендетеді (Sharipo, 2012: 175).

Маскулиндік стереотиптер – гендерлік стереотиптердің бір түрі. Ал гендерлік стереотиптер, Г. Шоқымның пайымдауынша, лайықты «әйелдік» және «еркектік» мінез-құлық, олардың мақсаты, әлеуметтік рөлдері мен қызметі туралы қоғамда жалпыға бірдей қабылданған орнықты көзқарастар (Шоқым, 2012:186). Маскулиндік стереотиптер – ер адамдарға қатысты атрибуттар, мінез-құлық пен рөлдер жиынтығы туралы адам санасында әлем бейнесінің бір фрагменті немесе бейнелері ретінде тілде көрініс табатын және қоғамда тұрақталатын көзқарастар.

Маскулиндік – «нағыз ер адамға» сай келетін тұлғалық және тәртіптік белгілердің жиынтығы (Бендас, 2005).

Р. Конелл маскулинділікті талдаудың бірнеше деңгейін ұсынады:

1) жергілікті (жеке тұлғааралық деңгейдегі өзара әрекеттестік – отбасында, ұйымдарда, әртүрлі қоғамдастықтарда; әдетте этнографиялық және биографиялық зерттеулерде сипатталады);

2) өңірлік (бұл жеке мәдениеттер мен этностар деңгейі; демографиялық зерттеулер мен саяси дискурста көрсетіледі);

3) ғаламдық (ұлтаралық қарым-қатынастар, әлемдік саясат, ұлтаралық корпорациялар мен БАҚ деңгейі; маскулинділікті жаһандық контексте зерттеуге арналған еңбектерде қарастырылады (Connell, 2005: 849).

Еркектік тілде қалай өзгереді және қалай көрініс табады? Тілдегі мақал-мәтелдер арқылы берілген стереотиптерді талдау бізге нақты әлеуметтік-мәдени кеңістікте немесе белгілі бір салада маскулинділік жайындағы ғалам бейнесін жаңадан жасауға мүмкіндік береді. Еркектік – бұл ұлдар мен ер адамдарға байланысты атрибуттардың, мінез-құлықтың және рөлдердің жиынтығы (Shehan, 2018). Еркектік стандарттар әр түрлі мәдениеттер мен тарихи кезеңдерде өзгеріп отырады (Kimmel, 2004).

Лингвистикалық гендерологиядағы алғашқы зерттеулер тілдің андроцентристік екенін және тілде көрініс табатын ғалам бейнесіндегі әйел кейпін ақаулы деп негіздеді. Феминизм өкілдері тілде көрініс табатын ғалам бейнесі ер адамдардың көзқарасына негізделген және тіл еркектік субъекті атынан әрекет етеді деген пікір білдірді. Яғни «әйелдік» нысан ретінде ғана көрсеті-

леді немесе мүлдем еленбейді. Бұл бағытта жазылған Р. Лакоффың «Язык и место женщины» атты еңбегі маңызды. Автор «тілдің андроцентристігін және тілде көрініс табатын ғалам бейнесіндегі әйел кейпінің кемістігін» негіздейді (Кирилина, 1999:39).

Феминистік лингвистика андроцентризмге мысал ретінде төмендегі пайымдауларды көрсетеді: Еуропаның көптеген тілдерінде «адам» және «еркек» ұғымдары теңдестірілген (ағылшын тілінде – man, неміс тілінде – Mann, испан тілінде – hombre, француз тілінде – homme); аналық текті білдіретін зат есімдер кез келген жыныс үшін қолданылатын аталық тек сөздерінен алынған (Зыкова, 2008:50). Мысалы неміс тілінде мұғалім сөзі Lehrer болса, әйел адам мұғалім Lehrerin, яғни аталық тек сөзіне „in“ жұрнағының қосылуы арқылы құралады.

Европалық тілдермен салыстырғанда, қазақ тілінде «еркек» және «адам» сөздері лингвистикалық тұрғыда тең емес. «Адам» сөзінен бөлек «еркек» және «әйел» сөздері бар.

Феминизм жақтаушылары **еркектікті** ер адамдардың қоғамдағы үстемдігін негіздейтін көзқарастар мен мінез-құлық жиынтығы деп сипаттаса, еркектер құқығын қорғаушы жақ оны шамадан тыс қоғам жүктеген міндеттерді жеңуге көмектесетін өзін-өзі қорғау тәсілі дейді (Тартаровская, 2006:113).

Маскулиндік стереотиптер ер адамдар үшін белгілі бір әлеуметтік нормалар бар екенін көрсетеді, мысалы, табыстылық, физикалық күш, ақыл қабілеті, батырлық, эмоционалдық төзімділік. Бұл нормалардан ер адамдар әлеуметтік қысымға тап болады, нәтижесінде бұл оларды өз эмоционалдығын білдіруде, әлсіздік көрсетуде шектейді, барлық салаларда көшбасшылық пен бәсекелестік көрсетуге, айналадағы адамдар мен жағдаяттарды қадағалау қажеттілігіне әкеліп соғады. Қоғамдағы барлық нормалар мен күтімдер маскулиндік дағдарысқа әкеледі, өйткені (әлеуметтік топ ретінде) ер адам өмір мен қоғамның қазіргі өзгеруші жағдайларына сәйкес келмейді және ол өз санасына өзгерістер енгізу қажет (Ефремов, 2010).

Бүгінгі таңда, гендерлік қарым-қатынастардың өзгеруіне байланысты, «маскулиндік» концептісінің екі түрі бар:

- гегемондық маскулинділік;
- табиғи маскулинділік;

Гегемондық маскулинділік көшбасшылық, билік, біріншілік деген ұғымдардан тұрады. Гегемондық маскулинділік «нормативтік» үлгі және маскулиндік идеал ретінде ұсынылады. Сәйке-

сінше, ерлер гегемондық маскулинділік стандарттарына сәйкес келуге тырысады. Бұл қасиет ер адамның нәзік жандылардан үстем, өктем екендігін білдіреді (Сатбаева, 2020: 55).

Еуропалық гендерлік теңдік институты сайтындағы глоссарийда гегемондық маскулинділік ер адамдарды билік пен экономикалық жетістіктермен дәйекті түрде байланыстыратын мәдени норма деп көрсетіледі.

Табиғи маскулинділік «гегемондық маскулинділік туғызатын әртүрлі шектеулерді» алып тастауды білдіреді. Бұған «ер адамның эмоционалды, болашаққа сенімсіз болу, мазасыздану құқығы, билікке ұмтылмауы, отбасына және балаларына басқаша қарау мүмкіндігі» жатады (Ильиних, 2011:136). Гендердің түрленуін қазіргі қоғамдағы маскулинділіктің жаңа концептісінен байқауға болады. Маскулинділік жайлы кәдімгі стереотиптер табиғи маскулинділік концептісімен алмастырылуда.

Гендерлік зерттеулерге арналған жұмыстарда гипермаскулинділік деген ұғым да жиі кездеседі. Бұл гегемондық маскулинділіктің бұқаралық ақпарат құралдарында асыра көрсетілуі мен ер адамдарға қатысты мұраттар арқылы, яғни физикалық күш, агрессия арқылы расталуы.

Маскулинділік концептісі туралы тұжырымдамалардың алуан түрлілігі қоғамдағы гендердің мінез-құлық, киім, эмоцияларды білдіру арқылы көрініс табатын өзгерісін дәлелдейді.

Еркектік мінез-құлық, маскулинділік әрқашан әйелдік мінез-құлыққа, феминділікке қарсы қойылады. Еркектік–белгілі бір уақытта және нақты әлеуметтік ортада дұрыс еркек болу деген сұраққа жауап беретін тәжірибелер мен идеялардың жиынтығы. Яғни, белгілі бір әлеуметтік үміттерге жауап беру. Еркектік әрқашан табысқа ұмтылуды білдіреді. Қоғамда бәсекелестікке негізделген, табысқа жетелейтін қасиеттер маскулиндік қасиеттер деп маркерленеді.

А.Б. Сатбаева «XX ғасырдағы америка және қазақ әдебиетіндегі маскулиндік стереотиптер» атты мақаласында америкалық және қазақ ер адамдарының ерекшеліктерін, маскулиндік стереотиптер бойынша олардың айырмашылықтарын көрсетеді. Екі халықтың қоғамдық санасында қалыптасқан маскулиндік стереотиптер Х. Арноудың «Қуыршақшы» және С. Мұқановтың «Ботагөз» романындағы ер адамдар бейнелерінің сәйкестігі арқылы талданады (Сатбаева, 2020:53).

Қазақ қоғамындағы ер-жігіттің рөлі мен бейнесі Р.А. Төреханова мен У.Г. Анесованың мақаласында әлеуметтік-сауалнама нәтижелері не-

гізінде көрсетіледі. ХХІ ғасырда қазақ жігітінің бейнесі бұрынғы кезеңмен салыстырғанда біраз өзгерген. Заман қажеттіліктеріне сәйкес қазақ жігіттеріне қойылатын талаптар да уақыт өте өзгереді (Торекханова, 2021:74). Жалпы әр қоғамда гендерлік стереотиптердің таралуында айырмашылықтар болуы мүмкін (Eisend, 2019:72).

Нәтижелер мен талқылау

Бұл мақалада біз Ж. Кейкіннің «Қазақтың 7777 мақалы мен мәтелі» кітабынан маскулиндік қасиеттерді көрсететін мақал-мәтелдерге талдау жасадық. Талданған материал негізінде қазақ мәдениетіндегі ер адамның бірнеше бейнесін анықтадық:

1. «Ер адам – отбасын асыраушысы»: Қазақ дүниетанымында ер адам отбасы асыраушысы, сыртта, түзде жұмыс істеп, кәсіппен айналысады. Бұл ежелден келе жатқан стереотип бүгінгі таңда да өзектілігін жоғалтпаған. *Еркек түз сақтайды, Әйел үй сақтайды; Ер азамат белгісі – түзде мырза, үйде құл; Әйел – үйдің көркі, Еркек – түздің көркі*; Қазақ қоғамында ер адам үй тірлігіне араласпаған, ол отбасын материалдық тұрғыдан қамтамасыз етіп отырған. Сондықтан үй ішіндегі шаруаның барлығы әйелдің мойнына жүктелген. Тіпті бала тәрбиесімен бұрынғы кездері тек әйел адам айналысқан.

Бүгінгі қазақ қоғамында отбасындағы міндет бөлінісі біраз өзгерді. Әйел адамдар ер адамдармен қатар жұмыс істеп, отбасын асырауға өз үлестерін қосуда. Ал ер адамдар отбасындағы бала тәрбиесін тек әйелге жүктеп қоймай, балашағасына көбірек көңіл бөлетін болды. Әсіресе әлемдік пандемия кезінде онлайн жұмыс формасына ауыстырылған әкелер бала тәрбиесімен аналармен қатар айналысты.

2. «Ер адам – еңбекқор»: Біздің қоғамда ер адамның еңбекқорлығы ерекше бағаланған. *Жақсы болар жігіттің жұмыссыз жүрген күні жоқ, Жаман болар жігіттің жұмысқа еш қыры жоқ; Жігіттің ерінгені – құрдымның көрінгені; Жігіттің күшін сұрама, Бітірген ісін сұра*. Ер адам жалқау, еріншек болса, ондай ер адам құрдымға кетеді. *Ердің атын еңбек шығарар; Ер дәулеті еңбек; Ат шабысымен қадірлі, Ер табысымен қадірлі*; Ертеде ер адамдар аңшылықпен, балық аулаумен айналысып, мал бағып, өсімдік шаруашылығымен айналысып, еңбек етіп, өз отбасын табысты асыраған, яғни ер адам ерінбей еңбектенсе, оның малы да көбейіп отырған. Табиғатынан ер адамдар табысқа ұмтылушы, бәсекелестікке бейім болып келеді. Жақсы ең-

бек еткен ер адам сәйкесінше мол табыс табады, бәсекеге қабілетті, өз ортасында құрметке ие болады. Ер адамның жетістігі оның қоғамдағы қызметі арқылы, тапқан табысы арқылы бағаланады.

Біздің қазіргі қоғамда еңбекқор болу тек ер адамға ғана емес, әйел адамға да қажет қасиет. Еліміздегі экономикалық жағдайларға байланысты, ер адамның жалғыз өзі тапқан табысы бүкіл отбасы мүшелерін асырауға жетпейді. Сондықтан қазақ әйелдері кей жағдайда отбасы асыраушысына айналуға мәжбүр. Әрине бұл жайт отбасы құндылықтарының өзгеруіне себеп болады.

3. «Ер адам – ақылды»: *Ақылды жігіт атқа да отырар, таққа да отырар; Ақыл – ердің қорғаны; Ерді асы үшін сыйлама, Басы үшін сыйла; Ақыл қонбаған жігітке, Бақыт та қонбайды; Ақылсыз жігіт – ауыздықсыз ат*. Қазақ қоғамы ежелден патриархалды болғандықтан, қоғамда да, отбасында да негізгі шешімді ер адамдар қабылдаған. Демек бұл ер адамның ақылды, тапқыр, тез шешім қабылдай алатындығын көрсетеді. «Әйелдің шашы ұзын, ақылы қысқа» деп халқымызда ер адамның ойлауға деген қабілетінің жоғары екендігін айтады. Ер адамдар ақылдырақ па, әлде әйелдер ме? Бұл сұраққа жауап табу мақсатында бірнеше зерттеулер жүргізілген. Бірақ ғалымдар әлі күнге дейін нақты бір шешімге келген жоқ.

Канада университетінің психологтары Онтариода 17-18 жасар 100 мың жасөспірімдер арасында жүргізген зерттеу нәтижелеріне сүйенсек, ер адамдардың интеллектуалдық коэффициенті орта есеппен 3,6 ға жоғары. Әрине, әйел адамдар мен ер адамдардың миларының құрылымы бірдей емес. Ер адам мен әйел адамның миы бір мәселені әртүрлі жолмен шешеді. Мысалы қоғамда, ер адамдарға математика, әйелдерге гуманитарлық пәндер жеңіл беріледі деген стереотип бар. Бірақ «Пол и наука» деген көлемді ғылыми жұмыс авторы доктор Элизабет Спелки бұл стереотипті жоққа шығарды (Наука/Biologiya, 2020).

Ер адамдардың миы әйелдердің миынан 8-13 пайызға үлкендеу. Америкалық ғалымдардың зерттеу нәтижесіне сүйенсек, ер адамдардың интеллект деңгейі әйел адамның интеллект деңгейінен жоғары. Адамзат тарихында көптеген мәдениеттерде ер адам ақылдырақ деп саналады.

4. «Ер адам – көшбасшы, билік етуші»: Талданған деректерге сүйенсек, билік ету мен басқару тек ер адамның қолынан келетін іс деген стереотипті көзқарас байқаймыз: *Ел басқарар жігіттің, Етек-жеңі кең болар; Елді ер теңес-*

тіреді; Жігітке ерлік те оңай, билік те оңай; Ерді ел мүддесі өсіреді. Гегемонды маскулинділік стандарттарына сәйкес, ер адамдар әйелдерден үстем, өктем болып табылады. Нәзік жандылар бұл қасиетке ие емес: *Қатын бастаған көш қараң қалар.* Өйткені әйел адам гендерлік иерархияда гендерлік стереотиптерге сәйкес доминант бола алмайды. «Әйелдер жақсы басшы бола алмайды» деген таптаурын Шығыс елдерінде және біздің елімізде көп тараған, қоғамда нық бекітілген, сондықтан оларды бұзу өте қиын. Жалпы «доминанттық» ерлерге тән басты қасиеттердің бірі. Ұлттық статистика бюросының мәліметтеріне сәйкес, әлеуетті құрылымдарда басшы лауазымын атқаратын әйелдер үлесі 2018 жылы – 2,1%, 2019 жылы – 2.1%, ал 2020 жылы 1.5% құраған (Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы).

Дегенмен қазіргі таңда біздің қоғамда көшбасшы ретінде көзге түскен әйелдерде де жоқ емес. Бүгінгі әйелдер «Қатын бастаған көш қараң қалар» таптаурынын жоққа шығарды. Нәзік жандылар бүгінде бизнес ортада белсенділік танытып, ірі компанияларда да жетекшілік қызмет атқарып, әскери істе де, ғылым саласында да белсенді араласып жүр. Әйел адам – нәзік, сөйлескіш, ал көшбасшылар қайсар, білікті деген стереотипке сәйкес келмеу, көшбасшы-әйелдерге деген негативті қарым-қатынасқа әкеледі (Baldner, 2019:565). Әйел адамдар ер адамдармен бірдей қоғамдағы өзекті мәселелерді шешуге белсене араласуда. Патриархалды қоғамда қалыптасқан «Ер адам–көшбасшы, билік етуші» стереотипі уақыт өте жойылуы да мүмкін. Көшбасшы болып, елді басқару әйелдердің қолынан да келеді. Оған дәлел ретінде Ұлыбритания премьер министрі болған Маргарет Тэтчер мен Германияның канцлері қызметін атқарған Ангела Меркельді айтуға болады.

5. «Ер адам – намысшыл»: Намысшыл адам – уәдеге берік болып, айтқан сөзінде тұрады. Сөзіне берік болу – ер адамға тән қасиет. Ер адамдар арасында өз намысын қорғай алған ер адам нағыз еркек болып саналады. Ер адамдар үшін еркектік намыс ер-жігіттің өзін және өз отбасын қауіп-қатерден қорғай алуы. Сонымен қатар әлсізді ренжітпеу, әйел адамға тіл тигізбеу. *Ел намысы – ер намысы; Жігітке жар қымбат, Намыс пен ар қымбат;* Ар-намыс жалпы тек жеке адамға ғана қатысы бар деп айту дұрыс емес. Бұл ұғымның мазмұнына терең үңілсек, оның жалпы бір елге, халыққа, ұлтқа қатысы бар құндылық деуге болады. Себебі ер адам белгілі бір

әлеуметтік топ(мәдени, жыныстық, кәсіби және т.б.) мүшесі болып табылады. *Намысы бар жігіттің, Нар күшіндей күші бар, Намысы жоқ жігіттің, Намыспен не ісі бар? Ерді намыс өлтіреді, Қоянды қамыс өлтіреді.* Кез-келген ұлттың ұлттық намысының сапалық деңгейі сол ұлт өкілдерінің ар-намысына тікелей байланысты (Мұсатаев, 2014).

Қорытынды

Қорыта келгенде, маскулиндік стереотиптер – ер адамдарға қатысты атрибуттар, мінез-құлық пен рөлдер жиынтығы туралы адам санасында әлем бейнесінің бір фрагменті немесе бейнелері ретінде тілде көрініс табатын және қоғамда тұрақталатын көзқарастар. Мақалада қазақ мәдениетіндегі маскулиндік стереотиптер мақалмәтелдер негізінде талданды. «Гендер», «маскулиндік стереотиптер», маскулинділіктің түрлері қарастырылды. Зерттеу барысында қолданылған кешенді зерттеу, контекстік талдау, салыстыру және сипаттамалық әдістері арқылы жинақталған және талданған материал негізінде қазақ мәдениетіндегі ер адамның бірнеше бейнесі нақтыланды: 1. Ер адам – отбасы асыраушысы. 2. Ер адам – еңбекқор. 3. Ер адам – ақылды. 4. Ер адам – көшбасшы, билік етуші. 5. Ер адам – намысшыл.

Ер адамның бейнесіне қатысты бірінші стереотип ешқашан өзектілігін жоғалтпайды. Бүгінгі әлеуметтік-экономикалық жағдайға байланысты отбасын асырауда әйелдер де өз үлестерін қосуда. Дегенмен негізгі отбасылық табыс көзін ер адамдар табады. Бұл стереотип – әмбебап. Басқа ел мәдениеттерінде де ер адам кез келген отбасының негізгі табыс әкелушісі. Екінші стереотипке тоқталатын болсақ, ер адамның еңбекқорлығы қоғамдағы оның жетістігі мен тапқан табысы арқылы көрінеді. Қазіргі қоғамда еңбекқорлық әйелдерде де бар қасиет. Еңбекқорлығы арқасында өз мамандығының саласы бойынша үлкен жетістіктерге жетіп, бүкіл отбасына қамқор болып отырған әйелдер аз емес. Әрине, бұл жайт отбасы құндылықтарының уақыт өте өзгеруіне әкеледі. «Ер адам – ақылды» стереотипі қоғамымыздағы патриархалды бастауға байланысты. Біздің мәдениетте негізгі шешімді әрқашан ер адам қабылдаған. Жауапкершілікті ер адам өз мойнына алған. Ер адам ақылды ма, әлде әйелдер ме деген сұраққа ғалымдар әлі нақты шешімге келген жоқ. Билік ету мен басқару тек ер адамның қолынан жақсы келетін іс деген стереотипін қазіргі таңда әйелдер жоққа шығаруда.

Қатын басқарған көштер қараң қалып жүрген жоқ. Ірі кәсіпорындар, ведомстволар, тіпті мемлекеттер әйел адамның билігінде керемет дамып отыр. Бұл стереотип келешекте жойылуы мүмкін. Ер адамның намысшыл келетіндігі туралы стереотип қазақ қоғамында әрқашан өзекті. Бұл стереотип ешқашан жойылмайды. Қоғам мен ондағы құндылықтар өзгеріп жатса да, еркектік және әйелдік рөлдер өзгеріп, ауысып жатса да, бұл стереотип қазақ қоғамы үшін құндылығын жоғалтпайтын дүние. Өйткені бұл ұғымның мазмұны анағұрлым терең, ол тек ер адамдарға ғана емес, бүкіл бір елге, ұлтқа қатысты. Намысын қорғау – қазақ халқының қанына сіңіп кеткен.

Кез келген қоғамда ер адам немесе әйел болу деген тек анатомиялық ерекшеліктерге ие

болу деген сөз емес, ол адамдардан күтілетін белгілі бір гендерлік рөлдер. Сонымен қатар әр қоғамда, әр мәдениетте гендерлік рөлдерге, гендерлік қатынастарға, гендерлік сәйкестендіруге деген көзқарастар әртүрлі. Технологиялық батыс қоғамында «еркек болу» технологиялық емес африкалық қоғамда «еркек болу» – әртүрлі дүниелер. Осы қоғамдарда «әйел болу» түсінігі де мүлдем бір-бірінен ерекшеленеді. Сондықтан «мәдени икемділік» Мишель Фуко сияқты авторларға басты аргумент болып табылады. М. Фуко үшін гендер, жыныспен салыстырғанда, әртүрлі мәнмәтіндер мен уақыт аралығында өзгеріп және ауысып тұратын өзгермелі сұйықтық ретінде қабылданады (Milton, 2002: 320).

Әдебиеттер

- Hilton, J.L., Von Hippel, W., 1996. Stereotypes. *Annu. Rev. Psychol.* 47 (1), 237-271.
- Diamond, M., Crawford, M. Sex and Gender: Same or Different? *Feminism & Psychology*. 2000. Volume 10 (1). 46–54.
- Stoller, R.J. (1968). *Sex and Gender: The Development of Masculinity and Femininity* (1st ed.). Routledge. <https://doi.org/10.4324/9780429479915>
- Scott Y. Gender: a Useful Category of Historical Analysis//*American Historical Review*. – 1986. – № 1.
- Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 8 желтоқсандағы N 223-IV Заңы. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z090000223>
- Гендер туралы түсінікті түрде. <https://www.osce.org/files/f/documents/9/e/454933.pdf>
- Shapiro J. Anthropology and the Study of Gender // *Soundings: An Interdisciplinary Journal*. 1981. 64/4. P. 4
- Eckert P., McConnell-Ginet S. *Language and Gender*. Cambridge: Cambridge University Press, 2003. 378 p.
- Solomon M. 2021. https://outrightinternational.org/content/terminology-surrounding-gender-identity-and-expression?gclid=EAIaIQobChMI_IvosdLh9wIV1-FRChluEgT3EAMYAyAAEgKmM_D_BwE
- Синельников А. Паника, террор, кризис. Анатомия маскулинности // *Гендерные исследования*. 1998. № 1. С. 211.
- Липпман У., *Общественное мнение: Монография*. Пер. с англ. Т.В. Барчунова. Редакторы перевода К.А. Левинсон, К.В. Петренко.- М.: Институт Фонда «Общественное мнение», 2004. – 384с.
- Deaux, K., & Lewis, L. L. (1984). Structure of gender stereotypes: Interrelationships among components and gender label. *Journal of Personality and Social Psychology*, 46(5), 991-1004.
- Shapiro, J. R., & Williams, A. M. (2012). The role of stereotype threats in undermining girls' and women's performance and interest in STEM fields. *Sex Roles*, 66(3/4), 175-183
- Шоқым Г. Гендерлік лингвистика негіздері: Оқулық/Шоқым Г.-Алматы: Экономика. 2012. – 190
- Бендас Т.В. Гендерная психология. – СПб., 2005.
- Connell R. W., Messerschmidt J. W. Hegemonic masculinity: rethinking the concept // *Gender & Society*. 2005. № 19. P. 829–859.
- Shehan, Constance L. (2018). *Gale Researcher Guide for: The Continuing Significance of Gender*. Gale, Cengage Learning. pp. 1-5 ISBN 9781535861175.
- Kimmel, Michael S.; Aronson, Amy, eds. (2004). *Men and Masculinities: A Social, Cultural, and Historical Encyclopedia*, Volume 1. Санта-Барбара, Калифорния: ABC-CLIO. б. xxiii. ISBN 978-1-57-607774-0.
- Кирилина А. В. Гендер: лингвистические аспекты. – М. : Изд-во «Институт социологии РАН», 1999. – 180 с.
- Зыкова С.А. Способы реализации концепта «мужественность» в испаноязычной культуре // *Вестн. Челябинского гос. у-та*. 2008. № 3. С. 50.
- Тартаковская И. (ред.) *Гендер для чайников*. Фонд имени Генриха Бёлля, Москва, «Звенья», 2006. ISBN 5-7870-0097-8
- Ефремов В. А. Динамика русской языковой картины мира: вербализация концептуального пространства «мужчина – женщина»: дис. ... д-ра филол. наук. – СПб., 2010. – 406 с.
- Сатбаева А.Б. XX ғасырдағы америка және қазақ әдебиетіндегі маскулиндік стереотиптер//*Вестник Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева. Серия ФИЛОЛОГИЯ*. №2(131)/2020
- Ильиных С. А. Концепты маскулинности и фемининности в русле гендерного подхода // *Идеи и идеалы*. Научный журнал. – 2011. – № 4 (10). – Т. 1. – С. 131–144.
- Torekhanova R.A.; Anesova U.G. Роль и образ мужчины в современном казахстанском обществе (результаты социального опроса). *Вестник КазНУ. Серия филологическая*, [S.1.], v. 182, n. 2, p. 74-85, July 2021. ISSN 2618-0782.
- Eisend, M. (2019). Gender roles. *Journal of Advertising*, 48(1), 72-80.
- Nauka/Biologiya*, 2020. <https://www.techinsider.ru/science/564044-kto-umnee-muzhchiny-ili-zhenshchiny-otvechaet-nauka/>

Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы. https://gender.stat.gov.kz/page/frontend/detail?id=75&slug=-62&cat_id=9&lang=kk

Baldner C., Pierro A. The trials of women leaders in the workforce: How a need for cognitive closure can influence acceptance of harmful gender stereotypes // *Sex Roles*. – 2019. – Т. 80. – №. 9. – С. 565-577.

Мұсатаев С. 2014. <https://abai.kz/post/39935>

Diamond Milton. Sex and Gender are Different: Sexual Identity and Gender Identity are Different // *Clinical Child Psychology and Psychiatry*, 2002, № 7, – P. 320–335. (Клиническая детская психология и психиатрия, 2002, №7, С.320–335.)

References

- Bendas T.V. (2005). *Gendernaja psihologija [Gender psychology]* – Spb. (In Russian)
- Baldner C., Pierro A. (2019). The trials of women leaders in the workforce: How a need for cognitive closure can influence acceptance of harmful gender stereotypes // *Sex Roles*. Т. 80. – №. 9. – P. 565–577.
- Connell R. W., Messerschmidt J. W. (2005). Hegemonic masculinity: rethinking the concept // *Gender & Society*. № 19. P. 829–859.
- Deaux, K., & Lewis, L. L. (1984). Structure of gender stereotypes: Interrelationships among components and gender label. *Journal of Personality and Social Psychology*, 46(5), 991-1004.
- Diamond, M., Crawford, M. (2000). Sex and Gender: Same or Different? *Feminism & Psychology*. Volume 10 (1). 46–54.
- Diamond Milton. (2002). Sex and Gender are Different: Sexual Identity and Gender Identity are Different // *Clinical Child Psychology and Psychiatry*, № 7, – P. 320–335
- Eckert P., McConnell-Ginet S. (2003). *Language and Gender*. Cambridge: Cambridge University Press, 378 p.
- Eisend, M. (2019). Gender roles. *Journal of Advertising*, 48(1), 72-80.
- Efremov V. A. (2010). Dinamika russojazykovoj kartiny mira: verbalizacija konceptual'nogo prostranstva «muzhchina – zhenshhina» [Dynamics of the Russian language picture of the world: verbalization of the conceptual space «man – woman»]: dis. ... d-ra filol. nauk. – SPb., – 406 s. (In Russian)
- Hilton, J.L., Von Hippel, W., (1996). Stereotypes. *Annu. Rev. Psychol.* 47 (1), 237-271.
- Il'inyh S. A. Koncepty maskulinnosti i femininnosti v rusle gendernogo podhoda [Concepts of masculinity and femininity in line with the gender approach] // *Idei i idealy. Nauchnyj zhurnal*. – 2011. – № 4 (10). – Т. 1. – S. 131–144. (In Russian)
- Kimmel, Michael S. (2004). Aronson, Amy, eds. *Men and Masculinities: A Social, Cultural, and Historical Encyclopedia*, Volume 1. Santa-Barbara, California: ABC-CLIO. ISBN 978-1-57-607774-0.
- Kirilina A. V. (1999). *Gender: lingvisticheskie aspekty [Gender: linguistic aspects]*. – M.: Izd-vo «Institut sociologii RAN», 180 s. (In Russian)
- Lippman U., (2004). *Obshhestvennoe mnenie [Public opinion]: Monografiya. Per. s angl. T.V. Barchunova. Redaktery perevoda K.A. Levinson, K.V. Petrenko.* – M.: Institut Fonda «Obshhestvennoe mnenie», 384s. (In Russian)
- Musataev S. (2014). <https://abai.kz/post/39935> (In Kazakh)
- Satbaeva A.B. (2020). XX gasyrdagy amerika zhane qazaq adabietindegi maskulindik stereotipter [Masculinized stereotypes in American and Kazakh literature of the XX century] // *Vestnik Evrazijskogo nacional'nogo universiteta imeni L.N. Gumileva. Seriya FILOLOGIJA*. №2(131) (In Kazakh)
- Scott Y. (1986). Gender: a Useful Category of Historical Analysis // *American Historical Review*. № 1.
- Shapiro J. (1981). Anthropology and the Study of Gender // *Soundings: An Interdisciplinary Journal*. 64/4. P. 4
- Shapiro, J. R., & Williams, A. M. (2012). The role of stereotype threats in undermining girls' and women's performance and interest in STEM fields. *Sex Roles*, 66(3/4), 175-183
- Shehan, Constance L. (2018). *Gale Researcher Guide for: The Continuing Significance of Gender*. Gale, Cengage Learning. pp. 1-5 ISBN 9781535861175.
- Shoqym G. (2012). *Genderlik lingvistika negizderi [Fundamentals of gender linguistics]: Oqulyq/Shoqym G.-Almaty: Jekonomika*. 190 (In Kazakh)
- Sinel'nikov A. (1998). Panika, terror, krizis. Anatomija maskulinnosti [Panic, terror, crisis. Anatomy of masculinity.] // *Gendernye issledovaniya*. № 1. С. 211. (In Russian)
- Solomon M. (2021). https://outrightinternational.org/content/terminology-surrounding-gender-identity-and-expression?gclid=EAIAIqobChMI_IvosdLh9wIV1-FRCh1uEgT3EAMYAyAAEgKmM_D_BwE
- Stoller, R.J. (1968). *Sex and Gender: The Development of Masculinity and Femininity* (1st ed.). Routledge. <https://doi.org/10.4324/9780429479915>
- Tartakovskaja I. (2006). (red.) *Gender dlja chajnikov [Gender for dummies]*. Fond imeni Genriha Bjollja, Moskva, «Zven'ja», ISBN 5-7870-0097-8 (In Russian)
- Torekhanova R.A.; Anesova U.G. (2021). Rol' i obraz muzhchiny v sovremennom kazahstanskom obshhestve (rezul'taty social'nogo oprosa) [The role and image of a man in modern Kazakh society (results of a social survey)]. *Vestnik KazNU. Seriya filologicheskaja*, [S.I.], v. 182, n. 2, p. 74-85, July, ISSN 2618-0782. (In Kazakh)
- Zykova S.A. (2008). Sposoby realizacii koncepta «muzhestvennost'» v ispanojazychnoj kul'ture [Ways to implement the concept of «masculinity» in Spanish-speaking culture] // *Vestn. Cheljabinskogo gos. u-ta*. № 3. С. 50. (In Russian)
- <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z090000223> (In Kazakh)
- https://gender.stat.gov.kz/page/frontend/detail?id=75&slug=-62&cat_id=9&lang=kk (In Kazakh)
- <https://www.osce.org/files/f/documents/9/e/454933.pdf> (In Kazakh)
- <https://www.techinsider.ru/science/564044-kto-umnee-muzhchiny-ili-zhenshchiny-otvechaet-nauka/> (In Russian)